2026 жылға арналған бір көзден тікелей келісім-шарт жасасу әдісі бойынша мемлекеттік сатып алулар өткізуді қарастыру туралы

ХАТТАМА №5

Алға қаласы

2025 жылдың 24 желтоқсаны

Төрағалық етуші: Кожаберлина Г.М – Алға аудандық қаржы бөлімінің басшысы.
Баяндамашы: А.Кулова - Алға аудандық қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі
Қатысқандар: бөлімнің қызметкері – 2 маман.
Хатшы: Ф.Нурабуллаева – бөлімнің хатшысы

Күн тәртібінде:

2026 жылға арналған бір көзден тікелей келісім-шарт жасасу әдісі бойынша мемлекеттік сатып алулар өткізуді қарастыру.

1. Күн тәртібіндегі мәселе, Мемлекеттік мүлік тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтері бойынша Мемлекеттік сатып алу заңының 16 бабы 3 тармағы 25 тармақшасына сәйкес "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамымен шарт жасасу, себебі аталған мекеме осы тармақша бойынша ФЛК тізіміне енгізілді және мемлекеттік монополия субъектісіне жатады.
2. Келесі мәселе, бөлімнің басшысын, мемлекеттік сатып алу секторының сектор меңгерушісін және есеп-қисаппен айналысатын маманды «Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамада 2025 жылға жоспарланған өзгерістерді талқылау семинарына қатыстыру мақсатында Мемлекеттік сатып алу заңының 16 бабы 2 тармағының 28 тармақшасына сәйкес «ProCommunity Astana Orleu» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен шарт жасасу, себебі басқа әлеуетті өнім берушілерден ерекшелігі семинар лекторы Секуова Шұға Бекжігітқызы сарапшы-практик және сертификатталған дәріскер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және Еуропалық одақтың жобасы бойынша мемлекеттік мекемелерде, орталық билік органдарында басқарушы лауазымдарда қызмет қызмет еткен, мемлекеттік сатып алулар саласында бай тәжірибеге ие.
3. Коммуналдық шаруашылықпен байланысты барлық қызметтер мен жұмыстар, яғни, мемлекеттік жер актісін азірлеу, жерге орналастыру және жер-кадастр жұмыстары, техникалық құжаттарды әзірлеу жұмыстары, құжаттарды базаға енгізу, тіркеу жұмыстары бойынша Мемлекеттік сатып алу заңының 16 бабы 3 тармағы 25 тармақшасына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен шарт жасасу, себебі аталған мекеме осы тармақша бойынша ФЛК тізіміне енгізілді және мемлекеттік монополия субъектісіне жатады.

Алға аудандық қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі А.Кулова жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ұжымдық шешім қабылдауға ұсынды. Төрағалық етуші Г.Кожаберлина және қатысушылар ұсыныспен толығымен келісті.

Хаттаманың қорытындысы бойынша төмендегідей шешім етеді

1. "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамымен және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен Мемлекеттік сатып алу Заңның 16 бабы 3 тармағы 25 тармақшасына сәйкес келісім шарт жасасу, «ProCommunity Astana Orleu» жауапкершілігі

шектеулі серіктестігімен Мемлекеттік сатып алу Заңның 16 бабы 3 тармағы 28 тармақшасына сәйкес шарт жасалсын.

Кеңес төрағасы Г.Кожаберлина

Қатысушылар: А.Кулова

Ж.Тулепбергенов

Н.Сурбаев

Хатшы Ф.Нурабуллаева